

**Аққулы ауданы әкімінің "Павлодар облысы Аққулы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2023 жылғы 21 қарашадағы № 1-04/4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімінің 2024 жылғы 19 шілдедегі № 1-04/1 шешімі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2 - тармағының 4) тармақшасына, Аққулы ауданының төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссиясының 2024 жылғы 16 шілдедегі № 8 кезектен тыс жедел отырысының хаттамасына сәйкес, Аққулы ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аққулы ауданы әкімінің "Павлодар облысы Аққулы ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" 2023 жылғы 21 қарашадағы № 1-04/4 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тізіміндегі актінің тіркеу нөмірі № 188633).

2. "Аққулы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберілуін қамтамасыз етсін;

2) осы шешім Аққулы ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аққулы ауданының әкімі*

*Р. Муканов*